

**Қазақстан Республикасында ювенальды әділет жүйесін дамытудың 2009-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 18 қарашадағы N 1067 Қаулысы

"Қазақстан Республикасында ювенальды әділет жүйесін дамытудың 2009 - 2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 19 тамыздағы N 646 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында ювенальды әділет жүйесін дамытудың 2009 - 2011 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Орталық атқарушы органдар, өзге де мемлекеттік органдар Жоспарда көзделген іс-шаралардың іске асырылуын қамтамасыз етсін және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жыл сайын 10 маусым мен 10 желтоқсанның кешіктірмей Жоспар іс-шараларының орындалуы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі жылына екі рет, есепті жарты жылдықтан кейінгі айдың 25-күніне Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың орындалу барысы туралы ақпарат беруді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2008 жылғы 18 қарашадағы  
N 1067 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасында ювенальды әділет жүйесін дамытудың 2009 - 2011 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары**

| Р/с N | Іс-шараның атауы                      | Аяқталу нысаны | Орындауға (Орындау (іске асыруға іске асыру) ) жауапты | Орындау мерзімі | Болжанатын шығыстар | Қаржыландыру көзі |
|-------|---------------------------------------|----------------|--------------------------------------------------------|-----------------|---------------------|-------------------|
| 1     | 2                                     | 3              | 4                                                      | 5               | 6                   | 7                 |
| 1.    | Ювенальды әділет жүйесінің құрылымдық |                |                                                        |                 |                     |                   |

| элементтерін жетілдіру |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1.                     | <div>Республиканың барлық аумақтарында кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі мамандандырылған соттар құру мәселесін пысықтау</div> <div>Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат</div> <div>СӘК (келісім бойынша)</div> <div>2009 жыл</div> <div>Талап етілмейді</div> <div>-</div>                                                                                                                                      |
| 2.                     | <div>Прокуратура органдарында кәмелетке толмағандар туралы заңнаманың қолданылуын қадағалауды ұйымдастыру бойынша мамандандырылған бөлімшелер құру мәселесін пысықтау</div> <div>Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат</div> <div>БП (келісім бойынша)</div> <div>2009 жылғы наурыз</div> <div>Талап етілмейді</div> <div>-</div>                                                                                      |
| 3.                     | <div>Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі учаскелік полиция инспекторларын, тергеушілерді және криминалды полицияның жедел өкілдерін қамтитын мамандандырылған ювенальды полиция құру мәселесін пысықтау</div> <div>Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат</div> <div>ІІМ</div> <div>2009 жылғы маусым</div> <div>Талап етілмейді</div> <div>-</div>                                                                     |
| 4.                     | <div>Кәмелетке толмағандарды уақытша оқшалау, оңалту, бейімдеу орталықтарын қайта ұйымдастыру және қылмыс жасады деп айыпталушы, сондай-ақ арнайы білім ұйымдарына және ерекше режимде ұстайтын білім ұйымдарына жіберілетін кәмелетке толмағандарды уақытша ұстау үшін</div> <div>Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат</div> <div>ІІМ, БҒМ</div> <div>2009 жылғы қазан</div> <div>Талап етілмейді</div> <div>-</div> |

|                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                           |                                   |                                           |                 |   |
|---------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------|-----------------------------------|-------------------------------------------|-----------------|---|
|                                                               | арнайы мекемелер құру мәселесін пысықтау                                                                                                                                                                                                                                   |                                                           |                                   |                                           |                 |   |
| 5.                                                            | Республиканың қалалары мен облыс орталықтарында мамандандырылған ювенальды заң консультацияларын құру мәселесін пысықтау                                                                                                                                                   | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат | Әділетмині                        | 2009 жыл                                  | Талап етілмейді | - |
| 6.                                                            | Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті қылмыстық-атқару инспекциялары басқармаларының және аумақтық бөлімдерінің штаттарына қолда бар штат санының есебінен кәметке толмағандар ісі жөніндегі инспекторларды енгізу мәселесін пысықтау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат               | Әділетмині                        | 2009 жылғы 25 шілде; 2010 жылғы 25 қаңтар | Талап етілмейді | - |
| 7.                                                            | Уәкілетті органның тарапынан білім беру ұйымдарының қызметін ведомствоаралық үйлестіру мен бақылаудың тиімді жүйесін құру мәселесін пысықтау                                                                                                                               | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат | БҒМ, жергілікті атқарушы органдар | 2009 жыл                                  | Талап етілмейді | - |
| <b>2. Ювенальды әділет жүйесін әдістемелік қамтамасыз ету</b> |                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                           |                                   |                                           |                 |   |
| 8.                                                            | Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Сот төрелігі институтында кәметке толмағандар                                                                                                                                             | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат               | МҚА (келісім бойынша),            | 2009 жылғы қаңтар                         | Талап етілмейді | - |

|                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                          |                                                     |                                                                 |                                               |                 |   |
|---------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------|-----------------|---|
|                                                                                       | қатысатын істерді қарауға маманданған судьялар даярлауды көздейтін арнайы бағдарлама енгізу мәселесін пысықтау                                                                                                                           |                                                     | БҒМ, ЖС (келісім бойынша)                                       |                                               |                 |   |
| 9.                                                                                    | Кәмелетке толмағандарды ювенальды әділет жүйесінде айрықша әлеуметтік сүйемелдеу туралы мәселені пысықтау                                                                                                                                | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат         | Әділетмині, БҒМ, ИМ, ЖС (келісім бойынша)                       | 2009 жылғы ақпан                              | Талап етілмейді | - |
| 10.                                                                                   | Балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі өңірлік органдардың жұмысын күшейту                                                                                                                                                               | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат         | БҒМ, жергілікті атқарушы органдар                               | 2009 - 2011 жылдар                            | Талап етілмейді | - |
| 11.                                                                                   | БАҚ арқылы балаларға және жасөспірімдерге құқықтық білім беруді қамтамасыз ету                                                                                                                                                           | Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне ақпарат | МАМ, БҒМ                                                        | 2009 - 2011 жылдар                            | Талап етілмейді | - |
| 12.                                                                                   | Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі мамандандырылған соттардың судьяларын және кәмелетке толмағандар ісі жөнінде мамандандырылған басқа да адамдарды оқыту бойынша білім бағдарламаларын әзірлеу және енгізу жөніндегі мәселені пысықтау | Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне ақпарат | БҒМ, ИМ, Әділетмині, БП (келісім бойынша), ЖС (келісім бойынша) | 2011 жылғы 10 маусым; 2011 жылғы 10 желтоқсан | Талап етілмейді | - |
| <b>3. Ювенальды әділет жүйесінің материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жақсарту</b> |                                                                                                                                                                                                                                          |                                                     |                                                                 |                                               |                 |   |
| 13.                                                                                   | Ювенальды әділет жүйесінің материалдық-техникалық базасын                                                                                                                                                                                | Қазақстан Республикасының                           | Әділетмині, ИМ, БҒМ, Еңбекмині, БП (келісім бойынша), СӘК (     | 2009 жылғы қазан                              | Талап етілмейді | - |

|                                                     |                                                                                                                                                                                                                                       |                                                   |                                                                                         |                                                          |                    |   |
|-----------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------|--------------------|---|
|                                                     | нығайту бойынша<br>ұсыныстар енгізу                                                                                                                                                                                                   | Үкіметіне<br>ұсыныстар                            | келісім<br>бойынша)                                                                     |                                                          |                    |   |
| <b>4. Нормативтік құқықтық<br/>базаны жетілдіру</b> |                                                                                                                                                                                                                                       |                                                   |                                                                                         |                                                          |                    |   |
| 14.                                                 | Қазақстан<br>Республикасының<br>кейбір заңнамалық<br>актілеріне<br>адвокатура<br>мәселелері<br>бойынша өзгерістер<br>мен толықтырулар<br>енгізу жөніндегі<br>ұсыныстарды<br>ВАК-тың қарауына<br>енгізу                                | ВАК - қа<br>ұсыныстар                             | Әділетмині,<br>ЭБЖМ                                                                     | 2010 жыл                                                 | Талап<br>етілмейді | - |
| 15.                                                 | Қазақстан<br>Республикасында<br>ювенальды әділет<br>жүйесін<br>ұйымдастыру<br>мәселелері<br>бойынша<br>қолданыстағы<br>нормативтік<br>құқықтық<br>актілердің<br>тиімділігіне талдау<br>жасау                                          | Қазақстан<br>Республикасының<br>Үкіметіне ақпарат | Әділетмині,<br>ИМ, БҒМ,<br>БП (келісім<br>бойынша)                                      | 2011<br>жылғы 25<br>қаңтар;<br>2011<br>жылғы<br>25 шілде | Талап<br>етілмейді | - |
| 16.                                                 | Қазақстан<br>Республикасының<br>кейбір заңнамалық<br>актілеріне<br>кәмелетке<br>толмағандардың<br>құқықтарын қорғау<br>мәселелері<br>бойынша өзгерістер<br>мен толықтырулар<br>жөніндегі<br>ұсыныстарды<br>ВАК-тың қарауына<br>енгізу | ВАК - қа<br>ұсыныстар                             | Әділетмині,<br>ИМ, БҒМ,<br>ЭБЖМ, БП<br>(келісім<br>бойынша),<br>ЖС (келісім<br>бойынша) | 2011 жыл                                                 | Талап<br>етілмейді | - |

### **Е с к е р т п е :**

аббревиатуралардың толық жазылуы:

Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі

ИМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау

м и н и с т р л і г і

МММ - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі  
ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау  
м и н и с т р л і г і

ЖС - Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты

БП - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы

МҚА - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі

СӘК - Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының жанындағы Сот әкімшілігі  
к о м и т е т і

ВАК - Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия

БАҚ - бұқаралық ақпарат құралдары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК